

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (азық-тұлік қызметінің техникасын) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 1168 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 желтоқсанда № 31018 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 144) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (азық-тұлік қызметінің техникасын) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тыл бастығының басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (азық-тұлік қызметінің техникасын) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 316 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20941 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

P. Жаксылыков

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

2022 жылғы 5 желтоқсандағы

№ 1168 бұйрығымен

бекетілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (азық-түлік қызметінің техникасын) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (азық-түлік қызметінің техникасын) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (азық-түлік қызметінің техникасын) пайдалануды ұйымдастыруды нақтылайды.

2. Азық-түлік қызметінің техникасы (бұдан әрі – техника):

- 1) далалық техникалық құрал;
- 2) далалық жөндеу құралы;
- 3) стационарлық әскери асхана және нан зауыты (наубайхана) жабдығы;
- 4) таразы-өлшеу аспабы болып бөлінеді.

3. Далалық техникалық құралға:

1) далалық жағдайда тағам дайындау және жеткізуге арналған техникалық құрал (автомобиль, тіркемелі, тасымалданатын асүй, жылжымалы асүй-асхана, тіркемелі және тасымалданатын плита, автомобиль және тіркемелі асхана, термос, термос-жәшік);

2) техникалық далалық нан пісіру құралы (автомобиль және тіркемелі наубайхана блогы, тіркемелі және тасымалданатын наубайхана пеші, тіркемелі қамыр әзірлеу агрегаты, тасымалданатын елеуіш, қамыр бөлу және қамырды қалыптау машинасы);

3) техникалық азық-түлік пен су жеткізу құралы (авторефрижератор, тіркемелі рефрижератор, нан, изотермиялық және құрастырылған автофургон мен тіркеме-фургон, тіркеме-контейнер, тіркеме-қойма, автосуцистерна, суға арналған тіркеме-цистерна, тасымалданатын суға арналған цистерна);

4) далалық тоқазытқыш құралы (тіркемелі тоқазытқыш қондырғысы, жиналмалы тоқазытқыш камерасы) жатады.

4. Далалық жөндеу құралына:

1) техниканы жөндеу шеберханасы;

2) әскери асхананың тоқазытқыш және технологиялық жабдығын жөндеу шеберханасы жатады.

5. Стационарлық әскери асхана жабдығына:

1) технологиялық жабдық (әмбебап машина, еттартқыш, картоп тазалағыш, көкөніс турағыш, кескіш машина, нан турағыш, май бөлгіш, ас дайындау қазандығы, таба, плита, ыдыс жуу машинасы, қайнатқыш, кофеқайнатқыш, электр шкаф);

2) тоқазытқыш жабдығы (тұрмыстық электр тоқазытқышы, тоқазытқыш шкафы мен камерасы, тоқазытқыш агрегаты) жатады.

6. Стационарлық әскери нан зауыты (наубайхана) жабдығына:

- 1) наубайхана пеші;
- 2) қамыр илегіш;
- 3) қамыр бөлгіш және қамыр дөңгелеткіш машина;
- 4) елеуіш;
- 5) тұзеріткіш;
- 6) қант-май еріткіш;
- 7) авто ұн өлшегіш жатады.

7. Салмақ өлшеу аспабына:

- 1) үстел;
- 2) тауарлық;
- 3) стационарлық таразы жатады.

8. Құрылымдық белгісі бойынша таразы:

- 1) гірлік;
- 2) шәкілдік;
- 3) шәкілдік-гірлік;
- 4) циферблатты;
- 5) электрондық болып бөлінеді.

9. Техникалық (сапалық) жай-күйі бойынша техника осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес санатқа бөлінеді.

Техниканы бір санаттан басқа санатқа ауыстыру осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери бөлім командирі бекітетін техникалық жай-күй актісі бойынша жүргізіледі.

Техника бірінші санаттан екінші санатқа белгілі бір сақтау мерзімінен және белгіленген қолданылу (жүріс) мерзімі өткеннен кейін ауыстырылады, ол туралы техникалық қарап-тексеру кезінде формулярда (паспортта (жасаушы зауыт) көрсетіледі (бұл ретте техникалық жай-күй актісі жасалмайды).

10. Жөндеу түрін айқындау техниканы жөндеу кезінде жүргізілетін жұмыс тізбесі бойынша жүргізіледі.

11. Техниканың жиынтықталуын жасаушы зауыт формулярда (паспортта), ведомоста айқындайды.

Техниканың жиынтықталмауы оның санатын төмендетуге негіздеме болып табылмайды.

12. Техниканы пайдалану және жөндеу жасаушы зауыт қоса беретін техникалық сипаттамада, нұсқаулықтарда немесе пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу қағидаларында айқындалады.

2-тарау. Техниканы пайдалануды ұйымдастыру

1-параграф. Техниканы пайдалану

13. Техника тек тікелей мақсаты бойынша қолданылады.

Бір айдан астам кезеңде пайдалану жоспарланбаған техника консервациялауға қойылады.

14. Техниканы штаттан тыс (табельден тыс) пайдалануға жол берілмейді.

15. Әскери бөлімді техникамен жабдықтауды және толық жабдықтауды, сондай-ақ оларды қосалқы бөлшекпен, құрал-сайманмен, керек-жараппен және пайдалану материалымен жабдықтауды әскери бөлім жабдықталымында түрған жабдықтау органы жүзеге асырады.

2-параграф. Техниканы пайдалануға енгізу

16. Әскери бөлімге штаттық жабдықтауға әкелінген базалық автомобиль шассиіндегі техника пайдалануға бөлім командирінің бұйрығымен енгізіледі. Бұйрықта техника атауы, түрі мен маркасы, қай бөлімшеге тіркелетіні, ол пайдалануға енгізілген күні кезекті орташа немесе күрделі жөндеуге дейін жүріс қоры (қолданылу ресурсы), техника бекітіліп берілген жүргізушінің (аспаздық немесе наубайдың) тегі көрсетіледі.

Техниканы пайдалануға енгізу туралы бұйрық нөмірі мен ол бекітіліп берілген маманның тегі техникалық құрал формулярына (паспортына) енгізіледі. Жүргізуші (аспаз немесе наубайшы) техниканы қабылдау туралы формулярға (паспортқа) қол қояды.

Техниканы пайдалануға берілгенге дейін оны пайдалануға жол берілмейді.

17. Жаңа техника жасаушы зауыттың (жөндеу кәсіпорнының) техникалық талаптарына сәйкес бір айдан кешіктірілмей, ал ұзақ сақтау үшін арналған техника алынған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей жүргізіп байқалады.

Жүргізіп байқау техника пайдалануға немесе ұдайы сақтауға берілген әскери бөлімде жүргізіледі. Жүргізіп байқау нәтижесі формулярға (паспортқа) енгізіледі.

Жүргізіп байқау жоғары көтерілу және төмен түсін жоқ жабыны жақсы жолмен (асфальтпен, жақсы тегістелген қара жолмен) жүргізіледі.

3-параграф. Техниканы қабылдау, беру және тасымалдау

18. Техниканы қабылдауды әскери бөлім командирі тағайындаған комиссия, ал соғыс уақытында әскери бөлім командирі тағайындаған адам (қабылдаушы) жүргізеді.

Техниканы қабылдау кезінде комиссия (қабылдаушы):

- 1) пайдалану құжатының бар болуын және оларды дұрыс толтыруды;
- 2) техникалық жай-күйін;

3) тиесілі керек-жараптың, құрал-сайман мен қосалқы бөлшектің бар болуын, жай-күйі мен жиынтықтығын тексереді.

Техниканы қабылдау кезінде осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық жай-күй актісі ресімделеді. Техникалық жай-күй актісін қабылдауды жүзеге асыратын өскери бөлім командирі бекітеді.

Жиынтықталмаған техниканы беру кезінде осы факті бойынша шешім қабылданғанын растайтын құжаттың көшірмесі (кінәлі адамдардан өндіру, есептен шығару, ұстап қалу) қоса беріледі.

19. Теміржол көлігімен жеткізілген техниканы қабылдау кезінде өскери бөлім өкілі жөнелтуші пломбасының сақталғанын және техника жиынтықтығын тексереді. Пломба бұзылған жағдайда және техника жиынтықтығында жетіспеушілік анықталған кезде акт жасалады, оның негізінде темір жолға немесе жөнелтушіге наразылық білдіріледі.

20. Техниканы өскери бөлім (құрылым) ішінде беру өскери бөлім командирінің нұсқамасы негізінде, бір құрылымнан (жеке бөлімнен) басқа өскери бөлімге беру Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштері Тыл бастығының басқармасы азық-түлік басқармасының (бұдан әрі – азық-түлік басқармасы) наряды бойынша жүргізіледі.

21. Одан әрі пайдалану үшін берілетін техниканы беретін бөлім ақаусыз жай-күйге келтіреді және құрал-сайманмен, қосалқы бөлшекпен және керек-жарақпен, сондай-ақ пайдалану құжаттамасымен толық жиынтықтайды. Формуляр (паспорт) машина соңғы қолданылған күнге дейін толтырылады.

Ақаулы немесе жиынтықталмаған техниканы беруге, сондай-ақ бөлшекті, торапты, агрегат пен аспапты ауыстыруға жол берілмейді. Табиғи тозу салдарынан жарамсыз болған керек-жарақ пен құрал-сайман, сондай-ақ жұмсалған материал мен қосалқы бөлшек есептен шығарылады және жаңасына (ақаусызына) ауыстырылады. Құрал-сайманмен, қосалқы бөлшекпен және керек-жарақпен уақтылы жиынтықтау мүмкін болмаған кезде осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша формулярга (паспортқа) оларды есептен шығару актісінің көшірмесі қоса беріледі.

22. Техниканы беру қабылдау-беру құжатымен (еркін түрде) ресімделеді. Өскери бөлім қабылдаған техника бөлім командирінің бүйрекшімен оны пайдалану үшін бөлінген адамға (жүргізушіге, аспазға, наубайшыға) бекітіліп беріледі. Пайдалануға беру туралы бүйрек нөмірі мен адамның тегі формулярга (паспортқа) енгізіледі.

Сақталуға жататын техника жүккүжат бойынша қойма бастығына (сақтаушыға) беріледі.

23. Техникаға пайдалану құжаты техникалық сипаттаманы және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты, формулярды (паспортты), қосалқы бөлшек, құрал-сайман, керек-жарақ (бұдан әрі – ҚҚҚ) ведомосын, пайдалану құжаттары ведомосын қамтиды.

Пайдалану құжатын бастапқыда жасаушы кәсіпорын ресімдейді. Кейіннен пайдалануға жауапты адам техниканы пайдалану, консервациялау, сақтау және жөндеу кезіндегі барлық мәліметті формулярга (паспортқа) енгізеді.

24. Техниканы пайдалану процесінде формулярда (паспортта):

1) оның түсіні, бекітіліп берілгені және кейінгі қозғалысы туралы мәліметтер;

2) қолданылу сағатының есебі (жүріс километрі). Есепке алу бір жылдағы деректер жинақталып, ай сайын жүргізіледі. Техниканы басқа бөлімге беру, жөндеуге жіберу, есептен шығаруға ұсыну кезінде жиынтық атқарым сағаты (жүріс километрі) әскери бөлім командирі тыл жөніндегі орынбасарының қолтаңбасымен расталады және мөрімен бекітіледі;

- 3) бұзылуды және ақаулықты есепке алу;
- 4) кезеңдік техникалық қызмет көрсетуді есепке алу;
- 5) жөндеу түрін (ағымдағы немесе орташа), жүргізілген орны мен уақыты көрсетілген жөндеу туралы мәліметтер;
- 6) консервациялау, сактау, санаттау, жүргізіп сынау және тексеру туралы мәліметтер көрсетіледі.

Барлық жазба формулярда (паспортта) анық, түзетусіз және шимайлаусыз толтырылады.

Формуляр (паспорт) жоғалтылған (бұлдірілген) кезде азық-түлік басқармасымен келісіп оның телнүсқасы жасалады.

25. Техниканың жай-күйі сыртынан қарап-тексерумен, қажет болған кезде қолжетімділігі қыын жерді қарап-тексеру үшін ашумен, бос жүрісте, ал қажет болған кезде жүктемемен сынап-тексерумен айқындалады.

Техникалық жай-күйін айқындау кезінде сыртынан қарап-тексеру мынадай кезеңділікпен жүргізіледі: монтаждау базасы, кинематикалық буын бойынша қуат қондырғысы, технологиялық процесс бойынша технологиялық жабдықтау, қосалқы бөлшекпен, құрал-сайманмен, керек-жарақпен және материалмен жиынтықтау.

Техникада ішкі оталу қозғалтқышы бар болған кезде оның жеңіл іске қосылуы, шағын айналымда қолданыс тұрақтылығы және күрт өзгерген кезде қолданыс режимі тексеріледі.

Электр жетегі бар техниканы жүргізіп сынау алдында электр қозғалтқышта және электр буында міндетті түрде корпусқа қатысты 0,5 мегаомнан төмен емес оқшаулау кернеуі тексеріледі, оқшаулау дымқылданған кезде оған жылы ая ажыратумен үрлеу арқылы кептіріледі.

26. Техниканың жиынтықталуы қолда бар қосалқы бөлшекті, құрал-сайман мен керек-жарақты пайдалану құжатындағы (формулярдағы, қосалқы бөлшек, құрал-сайман мен керек-жарақ ведомосындағы) жазбамен салыстырып тексеріледі.

27. Теміржолмен немесе су көлігімен тасымалдау үшін техниканы тиеу техниканы жасаушы зауыт немесе оны беретін бөлім құралымен жүзеге асырылады.

Ұзақтықтығы отыз тәуліктен астам тасымалдау кезінде ішкі оталу қозғалтқышын жасаушы зауыт немесе беретін бөлім далалық техникалық құралда консервациялайды.

Тиелген техника автомобильдік базалық шассиге мықты бекітіледі және төменгі берілісі қосылып тежегішке қойылады, отын краны жабылады, электр энергиясымен қуаттанушылар өшіріледі.

Температура -20С-дан төмен және тасымалдау ұзақтығы он бес тәуліктен астам болған кезде машина мен электр станциясынан аккумулятор батареясы алынады, ол вагон-жылытқышта сақталады.

28. Жөндеуге жөнелтілу кезінде тоңазытқыш агрегат, түрмистық тоңазытқыш, механикалық нан турағыш, котлет автоматы, әмбебап машина қатты тегіс немесе торлы ағаш жәшікке салынады. Әрбір жәшікте: "Абайлаңыз", "Үсті", "Қозғалта" деген жазу жазылады.

Әскери асхананың тоңазытқыш және технологиялық жабдығын оның сақталуын қамтамасыз ететін жинап салу қағидаларын сақтап, автокөлікте тасымалданған кезде қаптамасыз жөнелтуге жол беріледі.

4-параграф. Техникаға техникалық қызмет көрсету

29. Техникалық қызмет көрсету техниканы ұдайы ақаусыз жай-күйде ұстау мақсатында жүргізіледі.

Қызмет көрсету:

- 1) ұдайы техникалық әзірлікті;
- 2) пайдалану қауіпсіздігін;
- 3) жөндеуаралық кезеңі мен амортизациялық мерзімді барынша ұлғайтуды;
- 4) тораптың, агрегаттың, бөлшек пен құрылғының тозуы мен ақаулығын уақтылы анықтауды және жоюды;
- 5) отынның және пайдалану шығыс материалының шамалы шығысын қамтамасыз ететін жұмысты орындауды қамтиды.

30. Техниканы пайдалану процесінде, сонымен қатар оны сақтау және тасымалдау кезінде белгілі бір жұмыс ауқымын міндепті жүргізуге негізделген техникалық қызмет көрсетудің жоспарлы-ескерту жүйесі белгіленген.

31. Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс кешеніне:

- 1) техниканы жуу және тазалау;
- 2) агрегаттың, механизм мен аспаптың жай-күйін тексеру және анықталған кемшіліктерді жою;
- 3) бекіту және теңшеу жұмысы;
- 4) бұзылған тottануға қарсы жабынды қалпына келтіру;
- 5) отын жүйесін жуу, тазалау және отын құю (толық құю);
- 6) токпен қуаттанушылардың электр желісіне дұрыс қосылуын бақылау;
- 7) жақпамай жұмысы;
- 8) жиынтықталуын тексеру;
- 9) пайдалану құжаттамасының бар болуын және оның дұрыс жүргізілуін тексеру кіреді.

Техникаға техникалық қызмет көрсету кезінде жинау-жуу, жақпамай, бақылап-тексеру және бекіту жұмысы міндепті түрде, ал отын құю, теңшеу және ақаулықты жою жұмысы қажеттілігіне қарай орындалады.

Техниканы пайдалану процесінде анықталған барлық кемшілік барлық техникалық қызмет көрсету түрі кезінде жойылады.

32. Техника үшін мынадай техникалық қызмет көрсету түрі белгіленген:

- 1) бақылап-тексеру;
- 2) күнделікті техникалық қызмет көрсету;
- 3) № 1 техникалық қызмет көрсету;
- 4) № 2 техникалық қызмет көрсету;
- 5) сақтау кезінде техникалық қызмет көрсету;
- 6) тасымалдау кезінде техникалық қызмет көрсету.

Бақылап-тексеру жұмыс басталар алдында, техниканы парктен шығару алдында, маршта (аялдауда) жүргізіледі.

Күнделікті техникалық қызмет көрсету жұмыс күнінің сонында (паркке қайтып оралғанда, тәуліктік жол жүргеннен кейін маршта) жүргізіледі.

№ 1 және № 2 техникалық қызмет көрсету пайдалану құжатында көрсетілген белгіленген жол жүргеннен (ресурсты пайдаланғаннан) кейін, бірақ осы Нұсқаулыққа 4 -қосымшаға сәйкес техникалық қызмет көрсету мерзімінен сиретпей жүргізіледі.

Сақтау кезінде техникалық қызмет көрсету техниканы сақтау процесінде, сондай-ақ оны сақтауға және сақтаудан кейін пайдалануға дайындау кезінде жүргізіледі.

Тасымалдау кезінде техникалық қызмет көрсету техниканы тасымалдау процесінде, сондай-ақ оны тасымалдауға және тасымалдаудан кейін пайдалануға дайындау кезінде жүргізіледі.

Техниканы маусымдық пайдалануға дайындау кезінде алдыңғы жол жүргүге (ресурс атқарымына) байланысты емес № 1 немесе № 2 техникалық қызмет көрсетіледі.

Жұмыс ауқымын, сондай-ақ қызмет көрсету сапасына нұқсан келтіретін техникалық қызмет көрсетуге бөлінген уақытты қысқартуға жол берілмейді.

Автомобилде және тіркемеде құрап салынған далалық техникалық құралға техникалық қызмет көрсету автомобильге және тіркемеге қызмет көрсетумен бір уақытта жүргізіледі.

33. Әскери бөлім және бөлімше командирлері техникаға техникалық қызмет көрсетуді ол үшін жеке құрамға қажетті материал мен уақыт беріп, бекітілген жоспарға сәйкес жүргізуі ұйымдастырылады.

Техникаға техникалық қызмет көрсету уақытында жеке құрамды (жүргізуі, аспазды, наубайшыны) техникалық құралдағы жұмыстан қол үздіруге жол берілмейді.

Бейбіт уақытта техникаға техникалық қызмет көрсету үшін арналған уақыт сабак кестесінде көзделеді.

34. Техникаға бақылап-тексеруді және күн сайын техникалық қызмет көрсетуді қызмет көрсететін персонал (жүргізуші, машинис, аспаз, наубайшы) жүргізеді.

Автомобилде және тіркеме шассиінде құрап салынған далалық техникалық құралдың нөмірлік (№1 және № 2) техникалық қызмет көрсетуі және жөндеу мен салыстырып тексеру реттеу жұмысына байланысты машинаны қыста және жазда пайдалануға дайындау бойынша қосымша жұмысты қызмет көрсету персоналы бөлімнің қызмет көрсету және жөндеу бөлімшесінің жеке құрамын тартып жүргізеді.

Әскери асхананың тоқазытқыш және технологиялық жабдығына нөмірлік техникалық қызмет көрсетуді жабдықталым органының өкімі негізінде көшпелі бригаданың механигі жүргізеді.

5-параграф. Техниканы сақтау

35. Бір айдан астам пайдалану жоспарланбаған техника консервациялауға қойылуға тиіс.

Техниканы сақтау қысқа мерзімді (бір жылға дейін) немесе ұзақ мерзімді (бір жылдан астам) болып бөлінеді.

Сақтауға дайындау ауқымы, сондай-ақ түрі мен әдісі техниканы пайдаланудағы үзіліс ұзақтығына байланысты белгіленеді.

Техниканы сақтау кезінде техникалық қызмет көрсетуді жасаушы зауыт пайдалану жөніндегі техникалық сипаттамада айқындейді.

36. Техниканы сақтауға дайындау жұмысын қызмет көрсету және жөндеу бөлімшесінің мамандарын тартып, техника бекітіліп берілген жеке құрам (жүргізуші, аспаз, наубайшы) орындейды.

37. Жүргізілген техникалық қызмет көрсету түрі, техниканы сақтауға қою туралы бүйрық күні мен нөмірі формуларда (паспортта) жазылады.

Техниканы ұзақ сақтауға қойған кезде әрбір машинаға сақтау карточкасы толтырылады (еркін нысанда), ол техника формулярымен (паспортымен) бірге сақталады.

Техниканы сақтау карточкасы осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

38. Сақтауға қойылған техникаға техникалық қызмет көрсетуді барлық дәрежедегі бөлімше командирлері ұйымдастырады.

Сақтауда тұрған техниканы күтіп-ұстау жөніндегі барлық іс-шаралар бөлімнің жылдық шаруашылық жоспарында көрсетіледі.

Жылдық шаруашылық жоспарға ағымдағы жылды орындалатын іс-шаралар (қайта консервациялау, сынап-байқау, техникалық қызмет көрсету, аккумулятор батареясын, шинаны, жанаармай және жақпамай материалын ауыстыру) енгізіледі.

39. Далалық техникалық құралды сақтаудан алу әскери бөлім командирінің бүйрығында жарияланады, онда: алу үшін негіздеме, алынатын машина атауы, саны,

оның маркасы мен нөмірі, ол қандай мақсатпен және қандай мерзімге сақтаудан алынатыны көрсетіледі.

Машина формулярында (паспортында) және сақтау карточкасында сақтаудан алынғаны туралы белгі жасалады.

6-параграф. Техниканы дұрыс пайдалануды және оған қызмет көрсетуді қамтамасыз ету

40. Техниканы дұрыс пайдалануды және оған техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуді:

- 1) лауазымды адамдар бақылап-тексеру кезінде;
- 2) комиссия материалдық құралды түгендеу кезінде жүзеге асырады.

41. Бақылап-тексеруді:

1) қамтамасыз ету взводының командирі (әскери бөлімнің асхана бастығы, азық-түлік қоймасының бастығы) – екі аптада бір реттен сиретпей (қарамағындағы барлық техниканы);

2) батальон командирі – үш айда бір реттен сиретпей (қарамағындағы барлық техниканы);

3) әскери бөлім азық-түлік қызметінің бастығы – бір айда бір реттен сиретпей (қарамағындағы барлық техниканы);

4) құрама азық-түлік қызметінің бастығы – үш айда бір реттен сиретпей (қарамағындағы барлық техниканы) жүргізеді.

Бақылап-тексеру техника бекітіліп берілген бөлімше командирінің және маманының қатысуымен жүргізіледі.

Карап-тексеру кезінде: барлық агрегаттың, механизм мен аспаптың жай-күйі, ҚҚК-ның бар болуы мен жай-күйі, машинаны пайдалану және формулярды (паспортты) дұрыс жүргізу тексеріледі.

42. Материалдық құралды түгендеу кезінде:

- 1) техниканың жиынтықталуы;
- 2) формулярлды (паспортты) дұрыс жүргізу және есепке алу тексеріледі.

7-параграф. Техникаға маусымдық қызмет көрсету ерекшелігі

43. Азық-түлік қызметінің далалық техникалық құралын қыста және жазда пайдалану кезеңі түрақты ауа температурасы тиісінше +50С-дан төмен немесе жоғары болуымен айқындалады.

44. Далалық техникалық құралдың қыста және жазда сенімді қолданысы жеке құрамның даярлығымен және олардың пайдалануды ұйымдастыруды сақтап, сондай-ақ материалдық бөліктің дайын болуымен қамтамасыз етіледі.

Техниканы маусымдық пайдалануға дайындау мерзімі климаттық жағдайға байланысты өңірлік қолбасшылық әскері қолбасшыларының бұйрықтарымен белгіленеді.

45. Бөлімде қыста (жазда) пайдалану кезеңіне дайындық жоспары өзірленеді, онда жеке құрам мен азық-түлік қызметінің далалық техникалық құралын дайындау іс-шаралары көзделеді.

Техниканы қыста (жазла) пайдалану кезеңіне ауыстыру датасы бөлім командирінің бұйрығында жарияланады.

46. Азық-түлік қызметінің далалық техникалық құралын қыста және жазда пайдалануға (маусымдық техникалық қызмет көрсетуге) дайындау жұмысының ауқымын жасаушы зауыт машинаны пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқауда және нұсқаулықтарда айқындейды және осы құжатта көзделген кезекті № 1 немесе № 2 техникалық қызмет көрсетуді немесе қосымша жұмысты (маусымдық отынды, майды, жақпамайды ауыстыруды) қамтиды.

47. Азық-түлік қызметінің далалық техникалық құралын маусымдық пайдалануға бөлімше командирлері мен бөлім азық-түлік қызметі бастығының жетекшілігімен жүргізуші, аспаз, наубайшы дайындаиды.

Далалық техникалық құралды маусымдық пайдалануға дайындау туралы белгі машина формулярына (паспортына) қойылады.

48. Далалық техникалық құралды қыста пайдалану кезінде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) жұмыс басталар алдында асұйдің және нан пісіру пешінің отын жүйесінің сұзгісі ашылады және олар мұздан (судан) тазартылады;

2) жұмыс аяқталғаннан кейін (жақпамай сүйіп қалмай тұрғанда) агрегатқа және торапқа бірден май және жақпамай құйылады (толтырылады);

3) жүйенің қатып қалуын болдырмау үшін үзіліс және жұмыс аяқталған кезде сумен жабдықтау жүйесінен су ағызылады.

49. Азық-түлік қызметінің далалық техникалық құралын жазда пайдалану кезінде технологиялық жабдықты шаңдан және ылғалдан, жүріс бөлігін ластанудан қорғау шаралары қабылданады. Су, азық-түлік, шикізат, дайын тамақ пен нан шаң түсден мұқият қорғалады. Азық-түлікке тиіп тұратын үстіңгі қабатты таза сумен мұқият жуылады.

8-параграф. Азық-түлік қызметінің далалық техникалық құралдарын күрделі жағдайда пайдалану ерекшелігі

50. Шөлді және таулы аудандың табиғи және климаттық жағдайы далалық техникалық құралдарды ауыстыруға, өрістетуге, бүркемелеуге, пайдалануға және асты өзірлеудің технологиялық процесін жүргізуге, нан пісіруге және азық-түлікті қайта өндеуге, сондай-ақ далалық техникалық құралдардың, сүйреп тартатын автомобиль

қозғалтқышының және электр станциясының жұмысына, далалық техникалық құралға техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және сақтауды ұйымдастыруға және оны жүргізуге елеулі ықпал етеді.

51. Қазақстан Республикасының солтүстік ауданында техниканы қысқы кезеңде пайдалану қатты аязбен және желмен, жиі соғатын боранмен және қардың қалың түсуімен қынданады. Көрсетілген жағдайда далалық техникалық құралдарды пайдалану кезінде:

1) техникалық құралдар мен сүйреп тартатын автомобильді жылдыту, қозғалтқышты іске қосуды жеңілдету, жол жүру мүмкіндігін арттыру құралымен, сондай-ақ шанеңтік құрал-сайманмен жабдықтау;

2) машинаға осы жағдай үшін көзделген май мен жақпамай сұрпын, жанармай мен төмен температурада қататын салқыннатқыш сұйықтығын қолдану;

3) сеніді мұзбен және қойтаспен қоршалған жергілікті жермен жүру кезінде машина картерін зақымдамайтындей етіп, абай болу;

4) техниканы қар басып қалуын болдырмау мақсатында далалық техникалық құралдардың тұрағы үшін биіктетілген алаңды және жел жақсы соғатын алаңды таңдау;

5) суға арналған цистернаны, далалық техникалық құралдарды сумен жабдықтау жүйесін, нан таситын автомобиль-фургон шанағын, аккумулятор батареясын жылдылау;

6) асүй мен наубайхана пешінің отын жүйесін қолдануға ұдайы әзірлікте ұстау;

7) шатырда, қосалқы үй-жай мен бүркемеде далалық техникалық құралдарда технологиялық процесті жүргізу (тамақ дайындау мен нан пісіру), техникалық қызмет көрсету және жөндеу қажет.

52. Шөлді ауданда далалық техникалық құралдарды пайдалану кезінде жолдың нашар дамыған желісін, су мен отынның болмауын, тәулік ішіндегі температураның күрт өзгеруін, құмды дауыл мен боранға әкелетін қатты желді, құмның және құмды дауылдың жабдық жұмысына және технологиялық процесті жүргізуге әсер етуін, орман ағашы мен техникаға арналған табиғи бүркеменің мұлдем болмауын ескеру қажет.

Шөлді ауданда далалық техникалық құралдарды пайдалану кезінде:

1) жұмыс басталар алдында мұқият қарап-тексеру, механизм мен тораптың ашық жанасатын үстіңгі қабатынан жақпамайды сұрту, ал азық-түлік өнімімен жанасатын үстіңгі қабатын сумен мұқият жуу;

2) тамақ дайындау және нан пісіру үшін артық су қорын ұстау;

3) шатырда, қосалқы үй-жайда және бүркемеде технологиялық процесті (тамақ дайындау және нан пісіру), далалық техникалық құралдарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

4) шанақ-фургонның және далалық техникалық құрал шатырының терезесін, есігін сенімді нығызыдауды қамтамасыз ету;

5) суды, азық-түлікті, шикізатты, дайын тамақ пен нанды оларға шаң мен топырақтың тұсуінен сақтау;

6) асүй мен нан пісіру пешінің отын жүйесін ұдайы әзірлікте ұстау қажет.

53. Таулы ауданда далалық техникалық құралдарды пайдалану кезінде күрделі жол жағдайын (ұзақ биікке көтерілуді, еңіс пен қауіпті бұрылышты), тәулік ішінде температураның күрт өзгеруіне, судың қайнау температурасының төмендеуіне, қозғалтқыш қуатының және жұмысының үнемделуін төмендетуге, асүй мен нан пісіру пешінің отын жүйесі жұмысының нашарлауына, жеке құрамның қатты шаршауына әкеп соқтыратын төмен атмосфералық қысым ескеріледі.

Таулы ауданда далалық пайдалану құралдарын қолдану кезінде:

1) далалық техникалық құралдар жүріс бөлігі торабының, тежегішінің жай-күйін, жиынтықтаушы бұйымның жиналуды мен бекітілуін қадағалау;

2) түнде аяз болған жағдайда далалық техникалық құралдар сумен жабдықтау жүйесінің қатып қалудына жол бермеуге шаралар қабылдау;

3) қазандықтардағы артық қысымды арттыру және тамақ дайындау уақытын қысқарту үшін асүйдің тамақ пісіретін қазанының бу шығаратын қақпағын тексеру және қажет болған кезде реттеу;

4) асүй мен наубайхана пешінің отын жүйесіндегі отынның жану қарқынын реттеу қажет.

3-тарау. Техниканы жөндеуді ұйымдастыру

1-параграф. Жөндеуді қамтамасыз ету

54. Ақаулы және зақымданған техниканы уақтылы және сапалы жөндеу бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік әзірлікте ұстаудың маңызды шарты болып табылады.

Жөндеуді ұйымдастыру:

1) техниканың жай-күйін және оны жөндеуге уақтылы жеткізуді бақылаумен;

2) жарақтандырылған және жеке құраммен жасақталған жөндеу бөлімшелерінің бар болуымен;

3) ақаулы және зақымданған техниканың орналасқан орнын анықтаумен;

4) жөндеушілердің жоғары өндірістік біліктілігімен;

5) жөндеу бөлімшесіндегі жабдықты, айла-бұйымды, құрал-сайман мен керек-жарақты ұдайы ақаусыз жай-күйде ұстаумен;

6) жөндеуді дұрыс ұйымдастырумен және техниканы жөндеуге арналған техникалық шарттарды сақтаумен;

7) жөндеу бөлімшелерін материалмен, қосалқы бөлшекпен және құрал-сайманмен уақтылы қамтамасыз етумен;

8) техниканы жөндеудің технологиялық процесін жетілдірумен қамтамасыз етіледі.

55. Техниканы жөндеу табиғи тұрғыдан тозумен, дұрыс пайдаланбаумен, құрылымдық кемшілікпен, сапасыз жасаумен немесе жөндеумен, сондай-ақ жауынгерлік бұзылудан пайда болған ақаулықты немесе бұзылуды тозған немесе зақымданған агрегатты, торапты, аспап пен бөлшекті ауыстыру немесе олардың қолданылу қабілетін қалпына келтіру арқылы жоюды қамтиды.

56. Азық-түлік қызметінде техниканы жөндеудің жоспарлы-ескерту жүйесі қабылданды, ол кезінде орташа жөндеу осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес есепten шығарғанға дейін жұмыс (жол жүру) жөндеуаралық кезеңінің белгіленген нормаларына сәйкес жоспарланады. Жөндеуге нақты қажеттілік техникалық қарап-тексеру нәтижесі бойынша белгіленеді.

57. Ақаулық немесе бұзылу сипатына және оларды жою бойынша жұмыстың еңбек сыйымдылығына байланысты техниканы жөндеу ағымдағы және орташа болып белінеді.

Ағымдағы жөндеу техниканың қолданылу қабілетін кепілдендірілген қамтамасыз ету мақсатында пайдалану процесінде жүзеге асырылады және жеке бөлшекті ауыстыруды немесе қалпына келтіруді және оларды реттеуді қамтиды.

Орташа жөндеу негізгі екі бөлшекті (торапты) ауыстырумен немесе қалпына келтірумен және оларды реттеумен техника ресурсының ақаусыздығын қалпына келтіруді және толық қалпына келтіруді қамтиды.

Бұл ретте негізгі бөлшектің техникалық жай-күйі тексеріледі, ақаулық жойылады, реттеу, бекіту және жөндеу жұмысы жүргізіледі, сондай-ақ лак-бояу жабындысы қалпына келтіріледі.

58. Ақаулық (зақымдану) сипатына және оларды жою бойынша жұмыстың еңбек сыйымдылығына байланысты жөндеудің мынадай түрі белгіленді:

